

жоғары бағалануда. Қазіргі кезде жаңа өмір өзінің жаңа талаптарын қойып отыр. Оның міндеті өнердің бұрынғы қабілетін бүгінгі күнге табиғи, ұлттық, заманауи бағытта халқымызға жетілдіру.

Сондықтан да өнеріміздің қай түрі болмасын оның өркенді түсуі, еліміздің дәстүрінің жоғалмауы. Ал гобелен өнері өз еліміздің салт – дәстүрін, мәдениетін, гобеленнің тоқылу әдісі арқылы жеткізу, еліміздің өркендеп қол өнерінің әліде жоғары деңгейде көтерілуіне өз септігін тигізетіндігіне сенімім мол [6].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері.- Алматы : Рауан, 1992.- 120 бет.
2. Сәндік – қолданбалы өнер – ұлттық тәрбие құралы.- Жезқазған : ЖезУ, 2000. - 218-224 б.
3. Сырымбетова А. Т. Қазақ гобелен өнерінің қалыптасуы // Мектептегі технология, 2007. - № 5. 17 – 19 б.
4. Түзелбаева А. А. Гобелен тоқу технологиясы // Мектептегі технология, 2008. - № 9. 30 – 31 б.
5. Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер және т.б. Көркем еңбек: жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық (қыз балаларға арналған нұсқа) + CD / Р.Ш.Алимсаева, Е.Е.Велькер, Е.Е.Велькер, О.С.Лосенко. – Көкшетау: Келешек-2030, 2019. – 14 б.
6. Ұлт тағылымы, 2000.-№ 6.-56-58 б.

УДК 512.55

### **КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАС КИІМДІ ЖАСАТУ АРҚЫЛЫ ЭТНО-СТИЛЬ ТҮСІНІГІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Карабалина Д.А.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

**Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.К.**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.,Қазақстан

Аннотация:Бұл мақалада көркем еңбек сабағында ұлттық нақыштағы әйелдерге арналған бас киімді жасату арқылы этно-стиль түсінігін қалыптастыру туралы айтылған. Ұлттық нақыштағы бас киім түрлері мен ерекшеліктерін зерттей отырып, тарихи құнды мәліметтер жинақтау. Ұлтымыздың мұрасын сақтауға және оны насихаттауға, ұлттық тәрбие беруге үйрету.

Кілт сөздері:жаңартылған білім мазмұны, көркем еңбек, ұлттық қолөнер, этностиль  
Аннотация:В данной статье говорится о формировании понятия этно-стиля на уроках художественного труда путем создания головного убора для женщин с национальным колоритом. Сбор исторических данных с изучением видов и особенностей головных уборов национального колорита. Обучение сохранению и пропаганде наследия нации, национальному воспитанию.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, художественный труд, национальное ремесло, этностиль.

Annotation:This article discusses the formation of the concept of ethno-style in art work lessons by creating a headdress for women with a national color. Collection of historical data

with the study of the types and features of headdresses of national color. Training in the preservation and promotion of the nation's heritage, national education.

Keywords: updated content of education, artistic work, national craft, atosil

Мәңгілік ел азаматы – патриоттық сезімі биік, парасатты, иманды, сонымен қатар ұлттық құндылықтардың сұлулығынан ләззат ала білетін, мәдени және өнегейі жоғары дамыған болуы керек. Бұл өз заман талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары, өмірдің әсемдік құндылықтарын жоғары бағалай алатын болашақ мұғалімдерді даярлауға алып келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында былай делінген екен: «...барлық дамыған елдердің сапалы бірегей түрде білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буын сатысының сапасын жақсартуды бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр...оқыту нәтижесі оқушылардың ойлауы, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге тиіс, – деп халқына бағыт-бағдар бере отыра – жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша идея берген жөн. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдениетін қалыптастыруға заманауи мәдениет дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек», – деді. Оқушылардың эстетикалық қызығуын қалыптастыру дегеніміз – оларды қоршаған ортаның әсемдігін, әдемілігін түсінуге, сезінуге баулу. Бұл жөнінде белгілі педагогі В.Белинский былай деген екен: «Әсемдікті сезіну – бұл адамгершілік қасиетінің шарты. Тек осы сөздердің төңірегінде ғана ғылым дүниежүзілік ойларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсіндіре алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік пен қуат істей алады, оның барлық ауыртпалығына белі де қайыспайды...»[1]

Қазақ халқының қолөнері – бұл ертеден-ақ дамып келе жатқан бай қазынаның бірі. Қолөнердің басты бір саласы-киім тігу болып табылады. Ұлттық киімдер ерте заманнан бастап-ақ, өзінің әрі әсемділігімен, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланылып, көзге түсіп келеді. Қазақ ұлттық киімнің ою-өрнегінде, әрбір әшекей-бұйымдарында халық тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі табылады. Ол – қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бір үлкен саласы болып саналады.

Қазақтың ұлттық киімдері бірнеше түрге бөлінеді: іштік киімдер, сыртқы (өң) киімдер, ерлердің бас киімдері, әйелдердің бас киімдері, аяқ киімдер, сулық киімдер,. Қазақ халқының ұлттық киімдері климаттық жағдайларға байланысты ескеріліп, ежелгі салт-дәстүрлер бойынша тігіледі. Бұндай киімдер өте қымбат матадан тігілген. Той-думандарға барғанда, жат елге іс-сапарға шыққанда киетін сәнді киімдердің бірі болған. Ұлттық киімдерге тақия, қалпақ, саптама етік, кимешек, сәукеле, мәсі, жейде, камзол, шапан, көйлек, ішік тағы сол сияқты киімдерді жатқызамыз. Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі: көйлек, тақия, сәукеле, кәзекей, кимешек, қамзол, кебіс, мәсі, т.б.

Қазіргі кезде киімдер заманға сай тігілуде. Алайда оларды әшекейлеп, безендіргенде қазақтың ұлттық ою-өрнектерін пайдаланады. Оларға зер салынып, асыл тастармен безендіреді. Сондай-ақ киімдерді жеңіл, сапалы, әрі әдемі ұлттық ою-өрнектермен безендіріп, әшекейлейді. Ұлттық нақышпен безендірілген киім адамды әдемі, әрі салтанатты етіп көрсетеді, сәнін арттырады. Қазіргі уақытта мектеп қабырғасында білімі жаңа стандарттарға көшеді және білім беруде жаңа мақсат-міндеттер қойылады. Жаңа стандарттарда оқытудың мақсаты қалыптасқан білім қоры негізінде құзыреттілікті қалыптастыру маңызды болып табылады.[2]

«Технология» термин сөзі грек тілінен аударғанда өнер, шеберлік, іскерлік деген мағынаны білдіреді. Сонымен, бұл пәнінің негізгі мақсаты болып, жалпы білім беретін мекемелердегі оқушыларды еңбек саласына даярлау болып табылады. Өйткені, «Көркем еңбек» пәні – мектеп оқушыларын рухани тұрғыда байытып, дүние танымын қалыптастыратын пәндердің бірі болып табылады. Қазақ халқы баланың тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне ерекше көңіл бөлген. Жас өспірімді жас кезінен бастап-ақ көзі көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп істей алатындай болуға үйреткен.

Білім төңірегінде кез келген пән-қандай ортада болмасын өзінің ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлесі мол. «Көркем еңбек» сабағының негізгі мақсаты- оқушылардың шығармашылық жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заман талабына сай технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу, безендіру, көркемдеу болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың техника мен технология элементтерін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе барысында алуын толық қарастырады.

Мектеп бағдарламасы бойынша «Көркем еңбек» пәнінен 8 сынып қыздарына қазақтың ұлттық нақыштағы әйелдерге арналған ұлттық бас киімдерді тігу, оларды сәндеу туралы тақырып берілген. Олар бұл тақырып бойынша түрлі этостиль түсінігін қалыптастыра отырып, қазағи салт-дәстүрлерді біле отыра, әр-түрлі ою-өрнектердің тарихтарын аша отырып, өз шығармашылық жобаларын жасауға көп көмегін тиігізеді. Жаңартылған білім беру аясында «Көркем еңбек» пәнін оқытуда білім беру ұйымдары оқушылардың қалай «білім алуды үйрену» керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, зерделі, дамыған шығармашыл тұлға болу қағидасын ұстанады екен. Бұл пән арқылы оқушыларға этостильде қалыптасуын түсіндіру болып табылады. Этникалық стиль (этно-стиль, фолк-стиль) - бұл әлем елдерінің ұлттық мотивтері басым киім стилі. Этникалық компонент белгілі бір елге тән киім мен аяқ киім заттарын, аксессуарларды, сондай-ақ осы киімнің элементтерін (ою-өрнек) алып жүруі мүмкін. Этникалық киім стилі адамзат тарихындағы ең көне болуы мүмкін.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы өте жоғарысы — бас киім болып саналады. Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім болып саналған. Қазақтың «дос аяғына қарайды, дұшпан басыңа қарайды» дейтін мақалы осы жәйттен қалыптасқан екен.

Қазақ әйелдерінің ұлттық бас киімдерінің өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді және жасалуының өзіндік әдеп-ғұрыптық, салттық негізі бар. Қасаба - қыздар киетін әдемі бас киімнің бірі. Ол тақияға өте ұқсас, бірақ артында ұзын құлақшыны болады. Артқы құлақшынды жиектеп ұсақ моншақтар тағады. Сәнді – салтанатты жиын-тойға киетін өте сәнді, әрі әшекейі мол, әдемі болады. Құндыз терісімен жиектелген қыздарға арналған бөркі «Кәмшат бөрік» деп аталады. Алтынмен кестеленіп тігілген «Алтын бөрік», маржандалғаны «Қалмаржан бөрік» деп аталатын түрлері бар. Бөріктің төбесі мәуіті, жібек, қыжым, шибарқыт. Пүлішсияқты маталардан тігіліп, ұсақ моншақтармен сәндеп, әшекейленеді. Жаулық – әйелдердің бас киімінің бір түрі. Оны ақ түсті матадан немесе ақ жібекті матадан тігеді. Ақ жаулықты кимешектің сыртынан тартқаннан соң, оны тарту тәсіліне қарай күндік жаулықдеп атайды.

Сәукеле - бұл қалыңдықтың ұзатылу тойында киетін сәнді баскиімдерің бірі. Сәукеленің негізгі бөліктері — төбе, құлақбау, тәжі және артқы бойы. Сәукеле төбесі конус тәрізді болып келеді және төбесінің биіктігі екі сүйем немесе одан да биік болады. Сәукелені өлшеп пішіп алғаннан соң, ішіне астар, ал сырт бөлігін бидай шүберек ұстап жиі етіп сыриды. Одан кейін оның сыртын дүрия, қамқа, торғын сияқты асыл матамен қаптайды. Ал маңдай жағына зер не жібек шашақтың шоңғарын тағады. шашақтың сәукелеге жалғасқан тұсын асыл тастан жасалған алтын, күміс түйреуіштермен әдемілеп безендіреді. Сәукеленің сырты бөлігін шашақты, әшекейлі жібек матамен жауып қояды. Ол көйлектің етегі сияқты жерге сүйретіліп жүреді. Сәукелеге ұзын, сәнді құлақбау тағады. Оның шегін шырайналдыра зермен, не жібек жіппенкөмкеріледі, түбіне сәнді түйреуіштер түйреленеді. Осындай материалдар арқылы өзіміздің қалаған сәукелемізді жасай аламыз. Осы айтылғандардың барлығы дерлік қолөнер өрнектерімен безендіріліп, әшекейлі жасалатын болғандықтан, жасаушыдан ерекше талғампаздықты, нәзік икемділікті, жоғары эстетикалық талғам мен шеберлікті талап етеді.[3]

Қазіргі қоғам талабына сай адам - рухани интеллекті, шығармашылық қабілетті болу керектігі өмір талабына сай туындап отыр. Сондықтан білім беру жүйесі де қоғамның дамуымен бірге дамып, жетіліп келе жатыр. Ендеше еліміздің болашағы мен

қазіргі кезеңі үшін жас ұрпаққа сапалы білім, жалпы адамдық құндылықтар болып есептелінетін, адамгершілік мұраларды, ұлағатты тәлім-тәрбие беру, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері мен ұлттық қолөнерлерін үйрету, рухани адамгершілік қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына өалыптастыру, өміріне барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін жақсартудың орыны айршықша.Әрбір адамда дүниетанымы, білімге деген талпынысы болмаса, еңбекке үңіле қарамаса, ілгері басу қадамдарыкөрсеткіш те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көрсететін, ұлттық әдет-ғұрыпты, имандылық пен ізгілікті, намысты, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушыны қалыптастыруымыз керекпіз. Олар таңғажайып жаңа идеяларға, шығармашыл қабілеттері болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше білетін, ақпараттарды саралай білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға міндетті. [4].

Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландырып ғана қоймай, олардың бойына өзін-өзі дамыта алатын, өздігінен ізденіп, өздігінен талпынып жұмыс жасай алатын, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, зерттеу жұмыстарын жүргізе білетін, қоғам талабына сай еңбекқор, мәдениетілікті, ұлттық рухани-адамгершілікті және шығармашылықпен жұмыс істей алатын іскерлік қабілеттерін дарыту, қазақтың ұлттық қолөнері ұзақ ғасырлар бойы сақталған, тарихы бар мол мұра – мәдениетіміз екенін танытуды мақсат етуіміз керекпіз.Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дарыту: өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып, білуге, оны құрметтеуге үйретуге, өзін-өзі басқара алуға, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, жаңа жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын маңызды, практикалық тұрғыдан талқыланатын өзекті мәселе болып есептеледі. Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәні білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар, техникалық және шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және дамыту,еңбексүйгіштікке баулу, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктерінен туындаған әртүрлі бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі мен оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, дизайн талаптарына сәйкестілігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, әлеуметтік-тарихи, ұлттық мұраларымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыруға баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт-бағдар беруге міндетіміз. Қойылған мақсат, міндеттерге жету жолындағы әдіс-тәсілдерге: ғаламтор жүйесімен жұмыс жасау, кітапхана орталықтарымен, институт, университеттермен, мәдениет үйі мекемелерімен, көркем сурет мектептерімен байланыс, ғылыми - зерттеу мекемелерімен, педагогикалық бақылау (әңгімелесу, салыстыру,эксперимент жүргізу,сауалнама алу), талдау, мониторинг шығару, бағалау, жинақтау жатады.

Қорыта келе, «Көркем еңбек» сабақтарындаәр оқушының ізденісі, білімділігі, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы, даму жолдары зерттеу объектісі болып саналады. Оқушыны оқыту, білім беру, тәбиелеу процесінде өзіндік іздену, зерттеу мен шығармашылық қабілеттілігін дамыту мақсатында жобалау әдісі ұсынылады. Бұл әдіс жас ұрпақтың мәдениеттілік қабілеттерін, оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы жақын қарым-қатынаста жұмыс істеуге мүмкіндіктерін қалыптастыруға, өзіне-өзі қызмет көрсете алуға үйретуге, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыра алуға баулуға, қажеттілік пен сұраныстың экономикалық тиімділік жақтарын пайдалана алуға үйретуге маңызды рөл атқарады. «Сегіз қырлы, бір сырлы», өнерліде, өнегелі болып өсуіне мақсат еткен ата-аналарымыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, тәлім-тәрбие беріп, үйретіп келген. Жалпы «Көркем еңбек» сабағында халқымыздың қолөнерін үйрену арқылыұлттықтәрбиенің артықшылығын байқаймыз.Қазақта «Ою – ойғанның – ойы

ұшқыр» - деп бекер айтпаған. Қолөнері біздің жан – жақты жетілуіміз үшін үлкен септігін тигізетін өнерлердің бірі болып саналады. Ендеше шеберлік пен іскерлікті таңдаған әр бала қателеспейді деп сенемін.

### Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050 жолдауы.
2. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектеп оқушыларына арналған оқу бағдарламасы. — Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер», 2017. — 58 б.
3. Көркем еңбек/ жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына арналған оқулық (қыз балаларға арналған нұсқа)/ Б.Ж.Дүйсенова, С.А.Жолдасбекова, Ж.С.Құлбекова, т.Ф.А.Құрабаева.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018.
4. Құдабаева К.І. «Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы». Қарағанды, 2005. — 115 б.

УДК 621.867.212

## ОБЗОР СУЩЕСТВУЮЩИХ ЛЕНТОЧНЫХ ТРУБЧАТЫХ КОНВЕЙЕРОВ ДЛЯ ТРАНСПОРТИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ГРУЗОВ

**Кинжебаева А.С.**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

**Научный руководитель: Тогизбаева Б.Б.**

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

**Аннотация:** В статье рассмотрен обзор существующих трубчатых ленточных конвейеров (ЛТК) в мире, таких как «Koch», установленного в швейцарских Альпах, длиной 208 м, в г. Барбиле, штат Джаркханд (Индия) длиной 1500 м. Приведены основные технические данные оборудования 3ВHungaria используемое в компании «МХМ Украина». Показаны достоинства и недостатки ленточных трубчатых конвейеров.

**Ключевые слова:** обзор, конвейерные системы, ленточный трубчатый конвейер, груз, лента.

**Annotation:** The article reviews the existing tube belt conveyors (TBC) in the world, such as «Koch», installed in the Swiss Alps, with a length of 208 m, in Barbil, Jharkhand state (India) with a length of 1,500 m. The main technical data of 3ВHungaria equipment used in the company «МНМ Ukraine» are given. Advantages and disadvantages of tube belt conveyors are shown.

**Key words:** review, conveyor systems, tube belt conveyor, cargo, belt.

**Аннотация:**Мақалада швейцариялық Альпіде орнатылған ұзындығы 208 м «Koch», Джаркханд штаты (Үндістан), Барбиле қаласындағы ұзындығы 1500 м сияқты әлемдегі бар таспалы құбырлы конвейерлердің (ТҚК) шолуы қарастырылған. «МХМ Украина»компаниясында қолданылатын 3ВHungariaжабдығының негізгі техникалық деректері келтірілген. Таспалы құбырлы конвейерлердің артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** шолу, конвейерлік жүйелер, таспалы құбырлы конвейер, жүк, таспа.

**Введение.** Для осуществления технологического процесса транспортирования сыпучих грузов на ТЭЦ, угольных шахтах, разрезах, рудниках и т.д. используют ленточные трубчатые конвейеры. В настоящее время они являются экологически чистыми системами транспортирования в сложных условиях.